

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2024.11 (1)  
қаңтар-наурыз

ISSN 2710-3994



ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2024  
© Авторлар ұжымы, 2024

**БАС РЕДАКТОР**

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Аяған Бүркітбай Ғелманұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

**Қожамжарова Дария Пернешқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы** — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашұлы** — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Сыдықов Ерлан Бәтташұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы** — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ**

**Копеева Сания Жуматайқызы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,  
археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2024  
© Коллектив авторов, 2024

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Аяган Буркитбай Гелманович** — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Карibaев Берекет Бахытжанович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

**Кожамжарова Дария Пернешовна** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кумеков Болат Ешмухамбетович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Матыжанов Кенжехан Слямжанович** — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Римантас Желвис (Zelvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашевич** — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

**Сыдыков Ерлан Батташевич** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Таймагамбетов Жакен Кожакметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ**

**Козыбаева Махаббат Маликовна** — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ**

**Копеева Сания Жуматаевна** — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2024  
© Group of authors, 2024

#### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

#### EDITORIAL BOARD

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

**Ayagan Burkitbai Gelmanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Golden Kathie Stromile** — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Karibayev Bereket Bakhytzhonovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

**Kozhirova Svetlana Bassieva** — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich** — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Samashev Zainolla Samashevich** — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**Sydykov Erlan Battashevich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

#### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

#### ACADEMIC EDITOR

**Kozybayeva Makhabbat Malikovna** — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

#### TECHNICAL SECRETARY

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)




## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan  
 Edu.e-history.kz  
 Has been issued as a journal since 2014  
 ISSN 2710-3994.  
 Vol. 11. Is. 1, pp. 218–233, 2024  
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2023\\_36\\_4\\_218-233](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_218-233)

## EDUCATIONAL ACTIVITIES AND VIEWS OF OTYNSHY ALZHANOV

*Orazgul Kh. Mukhatova*<sup>1\*</sup>, *Aizhan A. Doskarayeva*<sup>2</sup>, *Aliya A. Sisenbayeva*<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology  
 (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
 Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher  
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: [Orazgul7@rambler.ru](mailto:Orazgul7@rambler.ru)

\*Corresponding author

<sup>2</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology  
 (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
 junior researcher, PhD student of Al-Farabi Kazakh National University  
 <https://orcid.org/0000-0002-0035-1623>. E-mail: [doskaraeva@gmail.com](mailto:doskaraeva@gmail.com)

<sup>3</sup> Al-Farabi Kazakh National University  
 (71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Kazakhstan)  
 PhD student  
 <https://orcid.org/0000-0002-5299-8250>. E-mail: [aliya/sysenbaeva@mail.ru](mailto:aliya/sysenbaeva@mail.ru)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Mukhatova O. Kh., Doskarayeva A.A., Sisenbayeva A.A., 2024

**Abstract.** *Introduction.* Among the figures of Zhetysu Alash there is one person who was not called an “enemy of the people”, was not subjected to political repression, did not see the tragic «acts» of the Soviet government, his fate is the educator, lawyer, publicist, folklorist Otyynshy Alzhanov. The environment of educated, progressive Kazakh youth in Omsk awakened Otyynsha’s consciousness and had a positive influence on the formation of his social views. Otyynshy, in addition to working as a translator, carried out teaching activities. He was a member of the commission to revise the regulations of March 31, 1906 on the education and schools of foreign peoples in the eastern and southeastern territories of Russia. *Goals and objectives.* To study, on the basis of historical sources, the educational activities and views of the leader of the Alash movement, who honestly worked for the bright future of his people, Otyynshy Alzhanov; analyze Otyynsha’s articles about school affairs and teachers (mugalims) published on the pages of the “Kirghiz Steppe Newspaper” (“Dala ulayatynyn newspaper”); show the activities at the Omsk Teachers' Seminary and the head of the Kokpekty Russian-Kazakh school and determine the reasons for leaving it. *Results.* The article, based on archival documents and writings of O. Alzhanov, examines his educational activities and views. The activist Alash devoted his entire life to high-quality and useful education of Kazakh children. He pointed out the



shortcomings and gaps in education, expressed his opinion on improving education in the Kazakh steppe, and shared his thoughts. Conclusions. The education he received at the four-year primary men's school for Russian-Kazakh children in Zaisan, at the teacher's seminary, as well as the environment of the then advanced Kazakh youth in Omsk contributed to the formation of Otyynshy's social and educational views. Thanks to the knowledge he acquired, he faithfully served his people as a translator and qualified teacher. At the beginning of the twentieth century, O. Alzhanov was a member of the Society of Enlightenment Supporters, created in Semipalatinsk, a member of the government of Alashorda, and formed militia groups of Kazakh youth in Zhetysu.


**Keywords:** Otyynshy Alzhanov, Alash, education, activity, madrasah, school, seminary, study, teacher, mullah, Russian-Kazakh school, education

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Zhetysu figures of the Alash movement: destinies and heritage» (Registration number AP 14872226).


**For citation:** Mukhatova O.H., Doskarayeva A.A., Sisenbayeva A.A. Educational activities and views of Otyynshy Alzhanov // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2024. Vol. 11. No. 1. Pp. 218–233. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_1\_218-233


## ОТЫНШЫ ӘЛЖАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ

*Оразгүл Хасенқызы Мұхатова<sup>1\*</sup>, Айжан Асхатқызы Доскараева<sup>2</sup>,  
Алия Амангалиқызы Сисенбаева<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
(28 үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер  
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: [Orazgul7@rambler.ru](mailto:Orazgul7@rambler.ru)

\*Автор-корреспондент

<sup>2</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
(28 үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
кіші ғылыми қызметкер, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 1 курс докторанты  
 <https://orcid.org/0000-0002-0035-1623>. E-mail: [doskaraeva@gmail.com](mailto:doskaraeva@gmail.com)

<sup>3</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(71-үй, әл-Фараби даңғылы. 050040 Алматы, Қазақстан)  
Докторант  
 <https://orcid.org/0000-0002-5299-8250>. E-mail: [aliya/sysenbaeva@mail.ru](mailto:aliya/sysenbaeva@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Мұхатова О.Х., Доскараева А.А., Сисенбаева А.А., 2024

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Жетісулық Алаш қайраткерлерінің арасында ұрпағының болашағына, қазақ балаларының білім алуына, білімді азаматтар болуына, тәрбиесіне алаңдаған, осы мәселелер бойынша ойларын хатқа түсірген дара тұлға бар, ол — ағартушы, заңгер, публицист, фольклорист Отыншы Әлжанов. Омбыдағы көзі қарақты, көкірегі ояу қазақ жастарының ортасы Отыншының санасын оятып, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыруға игі ықпал етті. Отыншы аудармашылық жұмысымен қоса мұғалімдік қызмет атқарды. Ресейдің шығыс және оңтүстік-шығыс аумақтарындағы бұратана халықтардың оқу ісі мен мектептері туралы 1906 жылғы 31 наурыздағы ережесін қайта қарау турасында комиссия мүшесі болды. *Зерттеудің мақсаты*

*және міндеттері* – халқының жарқын болашағы үшін адал еңбек еткен, Алаш қайраткері Отыншы Әлжановтың ағартушылық қызметі мен көзқарастарын тарихи деректер негізінде зерделеу; Отыншының «Дала уәлаяты» газетінің беттерінде жарияланған мектеп ісі, мұғалімдер туралы мақалаларын талдау; Омбы мұғалімдер семинариясындағы оқытушылық, Көкпекті болыстық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі қызметін көрсету және одан кету себептерін анықтау. *Нәтижелер.* Мақалада архив құжаттары және О. Әлжановтың шығармалары бойынша оның ағартушылық қызметі және көзқарастары зерттелді. Алаш ардақтысы бар ғұмырын оқытушылық қызметке, қазақ балаларына сапалы әрі пайдалы білім беруге арнады. Білім берудегі кемшіліктерді, олқылықтарды көрсетіп, қазақ даласындағы оқу-ағартуды жақсарту бойынша пікір білдіріп, ойларын ортаға салды. *Қорытынды.* Зайсандағы төрт сыныптық орыс-қазақ балаларына арналған ерлер училищесінде, Омбының мұғалімдер семинариясында алған білімі, заманынан озық жастардың ортасы Отыншының қоғамдық, ағартушылық көзқарастарын қалыптастыруға септігін тигізді. Алған білімінің арқасында ол аудармашы және білікті оқытушы ретінде халқына адал қызмет етті. XX ғасырдың бас кезінде О. Әлжанов Семейде құрылған білім беру ісін қолдаушылар қоғамының, Алашорда үкіметінің мүшесі болған, Жетісуда қазақ жігіттерінен милиция отрядтарын жасақтаған.


**Түйін сөздер:** Отыншы Әлжанов, Алаш, ағартушылық, қызмет, медресе, мектеп, семинария, оқу, мұғалім, молда, орыс-қазақ училищесі, тәрбие


**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Алаш қозғалысының жетісулық қайраткерлері: тағдырлары және мұрасы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 14872226).


**Дәйексөз үшін:** Мұхатова О.Х., Доскараева А.А., Сисенбаева А.А. Отыншы Әлжановтың ағартушылық қызметі және көзқарастары // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 1. С. 218–233. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_1\_218-233

## ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ВЗГЛЯДЫ ОТЫНШЫ АЛЬЖАНОВА

*Оразгуль Хасеновна Мухатова<sup>1\*</sup>, Айжан Асхатовна Доскараева<sup>2</sup>,  
Алия Амангаликызы Сисенбаева<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова  
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 г. Алматы, Республика Казахстан)  
доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник  
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: [Orazgul7@rambler.ru](mailto:Orazgul7@rambler.ru)

<sup>2</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова  
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 г. Алматы, Республика Казахстан)  
младший научный сотрудник, PhD докторант Казахского национального университета имени Аль-Фараби  
 <https://orcid.org/0000-0002-0035-1623>. E-mail: [doskaraeva@gmail.com](mailto:doskaraeva@gmail.com)

<sup>3</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби  
(д. 71, проспект аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)  
Докторант  
 <https://orcid.org/0000-0002-5299-8250>. E-mail: [aliya/sysenbaeva@mail.ru](mailto:aliya/sysenbaeva@mail.ru)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Мухатова О.Х., Доскараева А.А., Сисенбаева А.А., 2024

**Аннотация.** *Введение.* Среди деятелей Алаш в Жетысу есть человек, заботившийся о будущем своего поколения, образовании и воспитании казахских детей, становлении их образованными гражданами, который свои мысли по этим вопросам оставил на бумаге. Это просветитель, юрист, публицист, фольклорист Отыншы Альжанов. Среда образованной, передовой казахской молодежи в Омске пробудила сознание Отыншы и оказала положительное влияние на формирование его общественных взглядов. Отыншы помимо работы переводчика вел преподавательскую деятельность. Он был членом комиссии по пересмотру положения от 31 марта 1906 г. об образовании и школах инородческих народов на восточных и юго-восточных территориях России. *Цель и задачи исследования* – изучить на основе исторических источников просветительскую деятельность и взгляды деятеля движения Алаш, честно трудившегося во имя светлого будущего своего народа Отыншы Альжанова; анализировать статьи Отыншы о школьном деле и учителях (мугалимах) опубликованные на страницах «Киргизской степной газета» («Дала уэлаятының газеті»); показать деятельность в Омской учительской семинарии и заведующего Кокпектинской русско-казахской школы и определить причины ухода из нее. *Результаты.* В статье на основе архивных документов и сочинений О. Альжанова изучены его просветительская деятельность и взгляды. Деятель Алаш всю свою жизнь посвятил и качественному и полезному обучению казахских детей. Он указал на недостатки и пробелы в образовании, высказывал свое мнение по поводу улучшения образования в казахской степи, делился своими мыслями. *Выводы.* Образование, полученное им в четырехклассном начальном мужском училище для русско-казахских детей в Зайсане, в учительской семинарии, а также среда тогдашней передовой казахской молодежи в Омске способствовали формированию общественных и просветительских взглядов Отыншы. Благодаря полученным знаниям он верно служил своему народу как переводчик и квалифицированный педагог. В начале XX века О. Альжанов был членом Общества сторонников просвещения, созданного в Семипалатинске, членом правительства Алашорды, формировал отряды милиции из казахской молодежи в Жетысу.

**Ключевые слова:** Отыншы Альжанов, Алаш, образование, деятельность, медресе, школа, семинария, учёба, учитель, мулла, русско-казахская школа, воспитание

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Жетысуские деятели движения Алаш: судьбы и наследие» (регистрационный номер: АР 14872226).

**Для цитирования:** Мухатова О.Х., Доскараева А.А., Сисенбаева А.А. Просветительская деятельность и взгляды Отыншы Альжанова // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» 2024. Т. 11. № 1. С. 218–233. (На англ.) DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_1\_218-233

## Кіріспе

Соңғы жылдары Қазақстанда Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметін, тағдырларын зерттеуге жіті назар аударылып келеді. Іргелі зерттеулермен қатар көптомдық архив құжаттары дайындалуда. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» (Тоқаев, 2021) атты мақаласында XX ғасырдың бас кезіндегі «Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиістілігін» де атап өткен болатын. Осыған орай Алаш қайраткерлерінің есімдері нақтыландырылып, белгілі болған тұлғалардың өмірі мен қызметін зерделеу жалғасуда. Әлі де есімдері ғана аталғанымен өмірі мен қызметі үстірт зерттелген немесе беймәлім тұлғалардың бар екендігі жасырын емес. Әсіресе жетісулық Алаш қайраткерлері туралы зерттеулер бірлі-жарым. Сондықтан да архив қорларында сақтаулы құжаттарды анықтап, ғылыми айналымға енгізу, талдау және шынайы тұжырымдар маңызды.



Жетісулық алаштықтардың арасында жас кезінен газет беттеріндегі жарияланымдарымен көпке танылған тұлға бар. Ол – Отыншы Әлжанов. Отыншы публицист ретінде қалыптасып қана қоймай, ағартушылық көзқарастарымен де өзгелерден дараланды. О. Әлжанов сот саласында да қызмет етіп, патша үкіметі саясатының мәні мен мақсатын көре білді. 1897 жылғы халық санағына қатысты. Сол үшін үкіметтің қола медалімен және алғыс қағазымен марапатталды. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаев тәрізді Алаш қайраткерімен бірге Қарқаралы петициясын дайындауға қатысты. XX ғасырдың бас кезінде Р. Мәрсеков, И. Тарабаев, А. Райымбеков, Т. Шыңғысовпен бірге Семейде құрылған білім беру ісін қолдаушылар қоғамына мүше болып, белсенді жұмыс істеді. Алайда Отыншының ағартушылық көзқарастары және мұғалімдік қызметі арнайы зерттеу нысанына айналмады. Оған себеп Алаш қозғалысы тарихын зерделеу тәуелсіздік жылдары ғана басталды. Алаш қайраткерлеріне қатысты архив деректері құпия сақталды, сондықтан да зерттеушілерге қолжетімсіз болды. Күштік құрылымдардың арнайы архивтеріндегі құжаттардың біразы құпиясыздандырылғаннан кейін жетісулық алаштықтардың өмірі мен қызметін зерттеу жүйелі түрде жүргізуге мүмкіндік туды. Өскелең ұрпақты елжандылық, отансүйгіштік, еңбекқорлық, адалдық қасиеттерге тәрбиелеу үшін Алаш қайраткерлерінің өмірі мен халқына еткен қызметін үлгі ретінде пайдаланудың маңызы зор.

### **Материалдар мен әдіс-тәсілдер**

Отыншы Әлжановтың өмірі мен қызметіне қатысты тарихи деректерді Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 333, 64-қорында сақтаулы. Омбы облыстық мемлекеттік архивінде Алаш арысының мұғалімдер семинариясында оқыған және оқытушы болған кездегі ғұмыры туралы деректер кездеседі. Осы архив құжаттарының біразы ғылыми айналымға енгізілген. Дегенмен кейбіреулерін деректанулық талдаудан өткізіп, шынайылығын айқындау міндеті туындайды. Сонымен қатар О. Әлжановтың шығармалар жинағы жарық көрген. Алайда олар да терең зерттелмеген, тарихи маңызы анықталмаған.

Тақырыпты зерделеуде философиядағы феноменологиялық бағыттың «атасы» саналатын неміс ғалымы Э. Гуссерльдің (Гуссерль, 2008) адам өмірінің түрлі аспектілерін зерттеуге негізделген ұстанымы қолданылды. Бұл феноменологиялық бағыт О. Әлжановтың ағартушылық қызметі мен көзқарастарын, тұлғаның өмір сүру мәнін оның ішкі жан-дүниесімен, толғаныстарымен ұштастыра отырып зерделеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ «анналдар» мектебінің негізін қалаушылардың бірі М. Блоктың (Блок, 1986) атақты тарихи тұлғалардың іс әрекетін қоғамның ішкі өмірімен астарластыра зерттеуге негізделген ғылыми бағыты қолданылды. Бұл ғылыми ұстанымды пайдалану жекелеген адамдардың соның ішінде Отыншының өмірі мен қызметін XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи оқиғалардың, құбылыстардың ауқымында қарастыруда ұтымды болып табылады.

Әлеуметтік құрылымның басты компоненті жеке адамды, біздің мысалымызда О. Әлжановтың ғұмырын тарихи тұрғыда қарастыруда «антропологияландыру» бағыты (Февр, 1991) мол мүмкіндіктер тудырады әрі тұлғаның тарихи портретін қалыптастыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар Отыншының ағартушылық көзқарастарын талдауда өркениеттілік (Сорокин, 1992) бағытта зерделеу маңызды, өйткені білім беру адами капитал, қоғамның басты құндылықтарының бірінен саналады.

Артур Онкен Лавджой (Лавджой, 2001) ғылымда эпистемология және идеялар тарихын зерттеу бағытын қалыптастырды. Осы бағыт арқылы тарихтың әртүрлі кезеңдеріндегі, түрлі ғылым салаларындағы идеяларды, соның ішінде Алаш қайраткері Отыншы Әлжановтың ағартушылық көзқарастарын зерттеуге болады. Сонымен қатар Э. Эриксонның (Эриксон, 1996) жеке тұлғаның ғұмырындағы тарихи және мәдени факторларды іздеу, яғни тұлғаның даму теориясының жекелеген адамдардың өмірі мен қызметін зерделеуде маңызы зор. Бұл терия тұлғаның ашылмаған қырларын, беймәлім ғұмыр белестерін, адами портретін айқындауға

көмегін тигізеді. Сондай-ақ ХХ ғасырдың танымал әлеуметтанушысы, философ, психолог Эрих Фроммның (Фромм, 2008) тұлға теориясы О. Әлжановтың ойларын терең түсінуге септеседі.

Қолданылған бағыттар мен теориялар ғылыми зерттеудің тарихилық, объективтілік және әлеуметтік қағидаларымен тығыз байланыста Отыншы Әлжановтың ағартушылық қызметін және көзқарастарын қарастыруға мүмкіндік береді. Мәселен, тарихилық қағида Отыншының білім алуын, публицист ретінде қалыптасуын, ағарту саласындағы қызметін хронологиялық ретте, қазақ даласындағы орын алған оқиғалармен сабақтастыруда қолайлы болды. Объективтілік қағида Отыншының ағартушылық қызметіндегі қиындықтар мен келеңсіздіктердің себептерін айқындауға септесті. Әлеуметтік қағида Отыншының мұғалімдік келбетін ашуға көмектесті.

Ғылыми зерттеу қағидаларымен қатар талдау, тарихи-салыстырмалы, ретроспективтілік, баяндау, сипаттау, қорыту әдістері қолданылды. Осылардың бәрі мәселені жан-жақты қарастыруға, тұжырым жасауға ықпал етті.

### Талқылау.

Отандық тарих ғылымында Жетісулық Алаш қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі – Отыншы Әлжанов туралы еңбектер некен-саяқ. Тәуелсіздік жылдары Отыншының «Дала уәлаяты газетінде» жарияланған шығармалары құрастырылған, тұлғаның өмірбаяны жазылған С.М. Әлжанова және С.О. Смағұлованың еңбегі (Әлжанов, 2004) жарық көрді. Ж.М. Ескендірұлының (Әбдешев) еңбегінде (Ескендірұлы, 2008) «Алашорда министрлерінің» қатарында О. Әлжанов та аталып, оның ғұмырнамасы қысқаша баяндалады. Сонымен қатар М. Құл-Мұхамедтің «Алаш қайраткерлері» мақаласында (Құл-Мұхамед, 2012) Отыншы Әлжанов жөнінде қысқаша мәлімет беріледі. О. Әлжанов турасында қысқаша анықтама Е. Тілешев және Д. Қамзабекұлы құрастырған энциклопедиялық анықтамалықтан (Тілешев, Қамзабекұлы, 2014) және А.С. Жамбосынованың Алаш және Алашорда тарихы бойынша қысқаша энциклопедиясынан да көрініс тапты.

К. Нұрпейістің (Нұрпейіс, 1995), М. Қойгелдиевтің (Қойгелдиев, 2008), Д. Аманжолованың іргелі зерттеулерінде жетісулық Алаш арыстарымен қатар Отыншы Әлжановтың қызметі үстірт айтылады. А.Ш. Махаеваның қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихына арналған дербес зерттеуінде (2007) О. Әлжановтың Жетісу облыстық қазақ комитетіндегі қызметі қысқаша сипатталады. Себебі ғалымдар жалпы Алаш қозғалысы тарихын, оның көшбасшыларының қызметін зерделеуді мақсат еткен. Б. Әбдіғалиұлы (Әбдіғалиұлы, 2018) еңбегінде 1918–1920 жылдардағы Алаш әскерінің жасақталуына және дамуына үлес қосқандардың қатарында О. Әлжановқа да тоқталады. Жетісулық Алаш қайраткерлерінің қызметін зерделеуге арналған бірлі-жарым ғылыми еңбектер бар. Солардың бірі О. Әлжановтың Жетісудағы Алашорда үкіметінің мүшесі, Алаш әскерінің қолбасшысы ретіндегі қызметін арнайы зерделеген Р.С. Каренов мақаласы (Каренов, 2013) Қ.С. Алдажұманов, Р.Қ. Қанғожиева және т.б. құрастырушылар дайындап, жариялаған «Алаш қозғалысы» (Алаш қозғалысы, 2005) атты құжаттар мен материалдар жинағынан О. Әлжановтың Жетісудағы азамат соғысы жылдарындағы қызметіне қатысты деректер орын алған. Сонымен қатар Жетісу Алаш қайраткерлерінің қызметі бойынша тарихи дерек болып табылатын «Алаш қозғалысы және оның жетісулық қайраткерлері» (Алаш қозғалысы және оның жетісулық қайраткерлері, 2017) және «Алаш қозғалысы» (Алаш қозғалысы, 2007), «Қазақ съездері» (Қазақ съездері, 2007) атты жинақтар жарияланды. Олар О. Әлжановтың өмірі мен қызметін тереңірек зерделеуге септеседі. Өкінішке орай педагогика, философия, саясаттану және т.б. ғылым салалары бойынша жазылған еңбектерде О.Әлжановтың өзі және еңбектері туралы айтылмайды. Мұның өзі Алаш қайраткерінің есімінің және еңбектерінің тарих ғылымының өзінде енді ғана танылып келе жатқандығымен

түсіндіріледі.

Қысқаша тарихнамалық шолудан Отыншы Әлжановтың ағартушылық қызметі мен көзқарастарының арнайы зерттеу нысаны ретінде зерделенбегенін анық көруге болады.

### **Зерттеу нәтижелері**

Отыншы Әлжанов 1873 жылы 12 тамызда Семей облысы Зайсан уезі, Нарын болысының № 6 ауылында (қазіргі Абай облысы Ақсуат ауданы) дәулетті Әлжан Сақауұлының отбасында дүниеге келген. Атақты, сауатты, текті тәрбие көрген әкесі Отыншыны 1882 жылы Зайсандағы төрт сыныптық орыс-қазақ балаларына арналған ерлер училищесіне оқуға берген. Оқуын 1887 жылы бітіріп, Омбы қалалық училищесіне қабылданған. Училищеде 1887–1890 жылдары білім алған. Отыншы алған білімін аздық етіп, Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түскен. Оқыған жерлерінің бәрінде үлгілі тәртіп, жақсы үлгерім көрсеткен Отыншы семинарияны да ойдағыдай аяқтап, 1894 жылы 9 маусымда бастауыш училищенің мұғалімі деген дипломға ие болған.

Көзі қарақты, көкірегі ояу қазақ жастарының Омбыдағы ортасы Отыншыға игі ықпал етіп, санасын оятып, қоғамдық көзқарастарын қалыптастырды. Тұңғыш өзіндік ойлары «Дала уәлаяты» газетінде жарық көрді. Бұл газетке мақала жариялаудың өзіндік себептері бар еді. Өзге жергілікті мерзімді басылымдарға қарағанда бұл газеттің беттерінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық жағдайы, мәдени өмірі туралы мақалалар басылды. Өлкедегі ағарту шаралары «Вестник Европы», «Тургайская газета», «Оренбургский листок», «Труды Оренбургской Ученой архивной комиссии» беттерінен де көрініс тапқан. Мәселен, «Вестник Европы» басылымында қазақ гимназиясы, Торғай газетінде Ор қазақ мұғалімдер мектебі, «Оренбургский листокта» Бөкей ордасындағы мектеп ісінің даму тарихы басылған. 1894 жылдан бастап «Дала уәлаяты» газетінде Отыншының қырықтан астам мақаласы жариялады. Оның кейбір мақалалары «Бабайбүркіт», «Орта жүз», «О.Ә» деген бүркеншік есімдермен жарық көрді. Мақалаларының біразы оқу, білім мәселелеріне арналды. Солардың бірі – «Қазақтарға бала оқытушы ұстазды өздері ұстауы қажет» атты мақаласы. Онда Орынбордағы орыс-қазақ мектебі туралы айтылады. Мақала авторы бұл мектепті медресе деп атап, оған түсудің талаптарын атап көрсеткен. Отыншының мақаласы ол жөнінде де ақпарат береді. Оқуға түсетін балалардың жасы 16-дан кіші емес, денсаулығы жақсы, дене бітімі сау, екі жылдық мектепті немесе медресені бітіргені, туған жылы туралы куәліктерінің болуы шарт еді. Балалар 1 тамыздан бастап емтихан арқылы мектепке қабылданған. Сабақ 1 тамызда басталып, 15 мамырда аяқталған. Осыдан кейін балалар үйлеріне демалысқа жіберілген. Мектептің жанында оқушылар пәтері болған, алайда ондағы орындар санаулы болғандықтан, әрі Орынбор округіне жатпайтын жерлерден келген балалар орналастырылғандықтан қазақтар пәтер жалдап тұрған. Жыл сайын мектепке 35 бала қабылданған. Солардың 12-сі қазына есебінен оқыса, қазақтар өз ақшасына білім алған. Мұғалімдер даярлайтын мектепте қазақ, орыс және татар тілдерін оқытқан. Отыншының пікірінше, мектепті бітіргендердің «көбі біздің молдаларға ұқсамай, қырда қазақ арасында балаларды ақылменен жақсылап оқытып, жылдам бітіртеді» (Әлжанов, 2004: 296).

О. Әлжанов медреселердегі молдалар мен мектептердегі мұғалімдердің оқытуын салыстырып, кемшіліктерін көрсеткен. Ауыл молдаларының білім беруін сынап, «көбі шәкірттерді не нәрсеге, не себепті оқытуын да білмейді. Қазақтың молдалары бір түрлі шарифаттан басқаны үйретпейді. Балалардың денсаулығын бұзып, есінен тандырады. Бұлардың шәкірттері оқып шыққаннан соң үйренгенінің бәрін жылдам ұмытады. Көбінесе бұл шәкірттер орыстың медресесіне оқуға түсуге жарамайды. Бұл молдалардан оқыған балалардың ақылы да артпайды хәм 2-3 жылға шейін баспа кітаптарын да танымайды» (Әлжанов, 2004: 88–89), – деп жазды. Керісінше, «Орынбордағы медреседен оқу бітіріп шыққан молдалардың шәкірттері 2-3 айда оқып, хат танып, жазу жазады хәм шарифат түгіл дүниядағы өзге нәрселерден де хабар



біліп, һәм оқу-ғылым турасынан да аз мұнша білім біледі» (Әлжанов, 2004: 89), – деп, мұғалімдер семинариясында білім берудің анағұрлым сапалы екендігіне көз жеткізуге тырысқан. Молдадан гөрі сапалы білім беретін оқу орындарының халық үшін маңызының зор болатынын «...ынтымақтасып, халықтың үстінен ақша жинап, Орынбордағы орыс һәм қазақ балалары оқитұғын учительский семинария медресесіне түсу үшін балаларға орын ашып, мұнда жас балаларды жіберсе жарайды һәм бұлар оқу бітірген соң учитель-молда болып шығып, қазақтардың араларына ғылым, жақсы өнер шашар еді» (Әлжанов, 2004: 89), – деп көрсетті.

Қазақ жері Ресей империясының бодандығына кіргеннен кейінгі уақытта өз заманының талаптарына сәйкес өзгерістер қазақ өлкесіне де енді. Мұсылман мектеп, медреселерімен қатар орыстық үлгідегі оқу орындары жұмыс жасады. Бір ғана Орынборда 1824 жылдан 1895 жылдар аралығында Орынбор Неплюев кадет корпусы, Орынбор фельдшерлік мектебі, Орынбор шекара комиссиясының жанындағы қазақ балаларына арналған мектеп, Орынбор орыс-қазақ бастауыш мектебі ашылып, білім берумен айналысты. 1867–1868 жылдардағы империяның әкімшілік-саяси реформасынан кейін Орынбор өлкесі үшін ерекше оқу округы құрылды. «Бұратаналар» үшін білім беру жүйесін қалыптастыруда алдымен екісыныптық орыс-қазақ училищесі, содан соң 1883 жылы Орда қазақ мұғалімдер мектебі және Торғайда қолөнер училищесі ашылды (Васильев, 1900: 8). Ресей империясы жоғары және орта оқу орындарында еуропалық үлгідегі білім беру жүйесін қалыптастыруға ұмтылды. Сонымен қатар отарлаудың аясында орыстар мен жергілікті тұрғындарды жақындастыру, орыс үкіметіне құрмет пен сенімді арттыру, өлкеге ағартушылықпен айналысатын адамдарды әкелу мақсатын қойды.

Ағартушылықпен қазақтың хан, сұлтандары да айналысты. Молдалардан гөрі мектепте оқытудың пайдасының молдығын білген олар ордаларында мектеп ашып, білім алуға ұмтылған балаларды оқытты. Орысша білім алған Жәңгір ордасында орыс білімі мен мәдениетінің таралуына мән берді. Сол себепті де 1841 жылы 6 желтоқсанда Бөкей ордасында училище ашқан. Оқу орнына алдымен ол өз туысқандарын, жақындарын, Бөкей ордасының, одан кейін Кіші жүздің батыс бөлігінің және басқа да жерлерден өкілдерін тартты. Мектепте балаларға орыс тілін, оның жазуы мен грамматикасын, арифметика мен географияны оқытқан (Алекторов, 1895: 11). Мектепті Жәңгір хан өзінің қаржысына ұстап тұрған. Хан өмірден озған соң құлдыраған мектепті 1867 жылы орда тұрғындары өз қаржыларына қайта жандандырған. 1874 жылы ордадағы қазақ бастауыш мектептерінің үстінен қарайтын инспектор тағайындалып, ол Орынбор оқу округіне бағындырылған. Ордадағы мектептер бай-қуатты адамдардың қолдауымен және қаражат бөліп отыруымен жұмыс жасаған.

XIX ғасырда қазақ халқының көшпелі тұрмысына қарамастан елде оқу-білімге деген сұраныс жоғары болды. Қазақтар қыздарын оқытуға құлық танытпағанымен ұлдарының сауатты адамға айналып, шен алғанын қалады. Шенділердің жалақы алып, жиын-тойларда төрден орын алып, құрметке ие болып, мәртебесінің өсіп, жақсы өмір сүріп жатқандары ауқатты адамдарды ойландырды. Сондықтан да қандай бір орта оқу орнын ашу қажет жағдайда демеуші болуға әзір ауқаттылар аз болмады. Сондай-ақ қыздарын оқытуға мүдделі жергілікті тұрғындардың болғандығын да тарихи деректер растайды. Мәселен, XIX ғасырдың соңында тұрғындар Қостанайдағы әйелдер прогимназиясының ашылуын қолдап, жекелеген адамдар 2350 рубль қаржы жинаған (Белавин, 1903).

Қазақ даласының байырғы тұрғындарының білім-ғылымға ұмтылысы медресе ашудан көрінді. Осы мәселені Отыншы «Қазақтардың медресе ашқандары» мақаласында баяндады. Омбы уезінің болыстары әрбір болыста медресе ашу үшін патша өкіметінің жергілікті билеушілерінен рұқсат сұрап, балаларын орысша-қазақша оқытуды мақсат еткен. Өтініштері қанағаттандырылып, «үлкен ұлықтар қазақтардың бұл жақсы жаһұтын жақтырып, бұларға медресе ашуға рұқсат берген» (Әлжанов, 2004: 96). Омбы қазақтарының мұндай қадамын құп санаған Отыншы руханияттың, соның ішінде білімнің таусылмас байлық екенін еске сала

отырып, «кім кімге болса да осы заманда өнер, ғылымнан артық нәрсе болмас. Өнер, ғылым білген кісі азбайды да тозбайды. Қай жерде, қай уақытта болса да өнерпаз, ғылымы бар адамдар күнін көреді. Сол себепті біздер қазақ халқымызға ақыл қылып айтамыз, медресе салып, балаларын оқуға беруге» (Әлжанов, 2004: 96), – деп жазды.

Омбы қазақтарының бастамасы қазақ даласының өзге де аймақтарында қолдау тапқан. О. Әлжанов «Ғылымға қарай тағы бір қадам» мақаласында Семейдің Ақкөл-Қызылкөл қаласында балалар мұсылманша, орысша оқитын медресе ашылғандығын хабарлаған. Алайда мұндай медреселерді басқалардың да ашқысы келетінін, бірақ орысша, мұсылманша білім беретін молданың табылмайтындығын, сол себепті оларды ашудың кейінге қалдырылып жатқандығын көлденең тартқан. Татар молдасынан гөрі қазақ молдасының білім бергенін қалаған Отыншы қазақ тілінде сабақ беретін молданың Омбы мұғалімдер семинариясын бітіргенін қалаған. Өкінішке орай қазақ балаларының барлығының дерлік мұндай оқу орындарына түсетін қаражаты болмаған. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезінде қалаларға бай, ауқатты шаруалардың балаларының барып оқуға мүмкіндіктері болды. Кейбір өте сирек жағдайларда әкелерінің өткірлігі мен өжеттігінің арқасында балаларының кішігірім қалаларда оқуға мүмкіндік туған. Мәселен, қазақтың біртуар ұлдарының бірі, тұңғыш Қазақ Елі Конституциясының авторы – Барлыбек Сыртанов әкесі Сыртанның өжеттігі мен беделінің арқасында Верный (Алматы қаласының бұрынғы атауы) қаласындағы ерлер гимназиясына оқуға түскен. Сыртан өз заманында Матай жұртына танымал, әділет үшін күрескен, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болған. Балаларының болашағына алаңдаған Сыртан ұлдарын, яғни Барлыбек пен Тұрлыбекті 1874 жылы Қапал қаласында қазақ балалары үшін ашылған дайындық пансионында қазына есебінен оқытқан.

Қазақ балаларын мектептер мен медреселерде оқыту үшін көмек қорын құру мәселесі көкейкесті болды. Жәмиғат қорын ашу турасында Отыншының өзі және XX ғасырдың басында Алаш қайраткерлері Міржақып Дулатов, Асылбек Сейітов айтқан еді. Асылбек балаларды оқыту үшін құрылатын көмек қорын өзге халықтардың әрекеті мысалында көрсетіп, «Мұндай жәмиғат ашыла қалса, халыққа зор пайда келтіруінде еш сөз жоқ. Көп дәлел іздеп игермесек те ешкім пайдасы болмайды деп айта алмас. Оқушыларға жәрдемші жәмиғаттардың келтіріп тұрған пайдалары көз алдымызда көріп тұрмыз. Қала сайын ашылған орыс, поляк, еврей жәмиғаттарын былай қойып, өзіміздің ноғай бауырларымыздың ашқан жәмиғаттарына қарасақ, оқушыларға жәрдемін жыл сайын мындап жұмсап, пұлдары мен халыққа керекті мектептер ашып тұр» (Сейітованың жеке архиві), – деп жазды.

Өлкедегі ағарту жағдайына қанық, қазақ балаларына сапалы әрі пайдалы білім беруді ойлаған Отыншы аудармашылық жұмысымен қоса мұғалімдік қызметке ден қойған. Батыс Сібір оқу округіне қарасты Ақмола, Семей училищелерінің директоры 1898 жылы 28 тамызда Ақмола сотының төрағасына жазған хатында қазақ және орыс балаларына арналған Омбы пансионындағы қазақ тілі мұғалімінің бос қызмет орнына жіберуді сұрап Отыншы Әлжановтың өтініш жазғандығын, өтінішті орындамауға еш кедергінің жоқ екендігін көрсеткен (ҚР ОМА. 333-қ. 1-т. 566-іс. 28-п). О. Әлжанов өзінің басшысы – сот төрағасына жазған түсіндірме жазбасында өтінішінің қанағаттандыруының себебін былайша баяндаған: «Омбы пансионындағы қазақ тілі оқытушысының қызметі штаттық емес. Оқытушылық қызметке пансион тәрбиешісінің рұқсатымен жалдана отырып, қазақ тілі пәнін таңертеңгі 7-ден 8-ге дейін оқытамын, 8-ден кейін қазақ тілі сабақтарынан бос болып, өзімнің тікелей қызметтік міндеттерімді атқарамын» (ҚР ОМА. 333-қ. 1-т. 566-іс. 36-п). Сөйтіп, Батыс Сібір оқу округінің инспекторы – А. Алектровтың қолдауымен 1898 жылдың 1 қыркүйегінен бастап өзі оқыған Омбы мұғалімдер семинариясына оқытушылық қызметке тұрған. Осы кезде білім беру, тәрбие турасында мақалалар дайындап, жариялаған. Сондай мақалаларының бірі – «Қазақ балаларын тәрбиелемек турасынан өсиет әңгімелері». Мақаласында қазақ халқының бала тәрбиесіндегі

кемшіліктерін, жақсы өнеге, жақсы тәлім берудің жолдарын көрсеткен. Тәрбиені бала кәмет жасқа толғанша, «өз бетімен іс істеп, һәм білген өнерлерін пайдасына жаратқанша» жалғастыра беру қажеттілігін қадап жазған. Бала тәрбиесіне қатысты халықтық көзқарастың қате екендігін «Біздің қазақтар балалардың тәрбиесін бітті деп біледі, егерде олардың денесі толып, күш қуат алып, бұғанасы қатып, әр қиыншылыққа көнбіс болып һәм ат жалын тартып мініп, мал бағып, мал күтіп, ата-анасын, өзінен үлкендерді сыйлап, құрметтеп, рәсімдер, заңдар бойынша жөн-жосық біліп, жол көріп һәм досына ара түсіп, дұшпанына қайрат қылса» (Әлжанов, 2004: 148), – деп жазған. Қыздарына ерекше ілтипатпен қараған халықтың оларды тәрбиелеуде де олқылықтарға жол беріп отырғандығын «Әйел балаларды үй шаруасын білуге баулиды. Егерде әйел балалар мал сауып, тамақ даярлап, киім тігіп, үйді тігіп, үйді жығып һәм тігуін білсе, бұлардың тәрбиесі бітті дейді» (Әлжанов, 2004: 149), – деп жеткізген. Алайда Отыншының пікірінше мұндай түсінік қате, өйткені «мұндай қысқа, шолақ аз тәрбие адамның бұл дүниеде өмір шегіп жүріп тіршілік қылуына ой, әдеп-ибадат, ақыл ұлғайтуына лайықты, ыңғайлы, тең де емес, тәрбиесі ұлғайып, дұрыс болғанда адамзаттың әдеп-ибадат, өнер, білім, ақыл һәм өзге жан қуаттары өніп күннен күнге артылып отырады» (Әлжанов, 2004: 149). Дегенмен айтуға оңай көрінгенімен шын мәнінде адам тәрбиесі - өте қиын әрі күрделі үдеріс. Айта кетерлік жайт, Аристотель тәрбиесіз берген білімнің пайдасыз екендігін көре білген. Сондықтан да Отыншының пікірінше, балаға білім беру өз алдына бөлек мәселе, ал тәрбиелеу одан да маңызды. Педагогика ғылымы тәрбиеге «адамдарды қоғамдық өмірге және еңбекке дайындау мақсатын көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамдық тарихи тәрбие беру процесі болып табылады. Тәрбие процесі – күрделі диалектикалық процесс. Жас ұрпаққа адамгершілікті көзқарасты, адамзат тарихының бай процесстерін сіңіру» (Жақыпбекова, 2010) деген анықтама береді. Ғылымда қоғамдық, ізгілік тәрбиесі деген ұғымдар бар. Ал О. Әлжанов тәрбиені үшке бөлген: дене тәрбиесі, әдеп-ибадат тәрбиесі һәм ақыл-өнер тәрбиесі, дін (Әлжанов, 2004: 151). Дене бітімі сұлу, тартымды, сау болу үшін адам спортпен айналысу керек делінеді. Адамгершілігі мол, парасатты, инабатты болу үшін әдеп-ғибадаттың рөлі ерекше. Ақыл-ойдың, білім мен ғылымның тәрбие үдерісіндегі маңызы даусыз. Діннің де тәрбиеге тигізер ықпалының деңгейін заманауи Шам, Ауғанстан елдеріндегі соғыстар және Қазақстандағы қаңтар оқиғалары анық көрсетті. Ендеше тәрбие кешенді әрі мақсатты, жүйелі жүргізілуі тиіс. Сонда ғана Отыншының сөзімен айтқанда қоғам өз мұратына жетеді.

Педагогика саласы бойынша маман болмаса да Отыншы мұғалім ретінде бала тәрбиесінде көрген-білгендері, оқығандары бойынша өз пікірін ортаға салып, дұрыс бағытты сілтеген. Оның ойынша тәрбие ісіне ата-анадан басқа мұғалім зор үлес қосуы тиіс. «... біздің рәсімдеріміз, заңдарымыз тәрбиеге лайықты адамның ақыл, өнер, әдеп-ибадат ғайри күш-қуаттары артылып, өнері асып отырар. Осы біздің заманымыздағы ғылымқор орыс, француз, ағылшын һәм өзге халықтар бізден артып кеткені, жақсы тәрбие алып, ұстаз көріп өскен» (Әлжанов, 2004: 150) дегені – осының айғағы. Осыған байланысты Отыншы балаға отбасында тәрбие беріп қана қоймай, оны оқытудың, ұстаздан тәлім алу қажет деген ойға келген. Бодандықтың бұғауын үзіп, азат ел ретінде өмір сүру үшін білім мен ғылымды үйренудің қажеттілігін «Заманымыз жылдан-жылға тарылып, өрісіміз қысқарып, тынысымыз тарылып, нашар болып бара жатырмыз, байқап қарасақ заманымыз түлкі болды. Мұны құм арлан тазы болып шалу керек. Қалайша?! Ғылымқор, өнерпаз, айлакер адам – құм арлан тазы. Кел, қазақтар, балаларымызды жақсылап тәрбиелеп өсіріп, бұларды оқытайық!» (Әлжанов, 2004: 151), – деп көрсетіп, сөзінің түйінінде балаларды адам ету үшін оларды өнер-білімге, ғылымға жетелеуге шақырған.

Қазақ халқы кітап оқып, білім-ғылымға жақын болсын, хат танитындары білімдерін тереңдетіп отырсын деген ниетпен О. Әлжанов газет арқылы оқырмандарды өз заманында жарияланған кітаптармен таныстырып отырған. Катеринский есімді автордың кітаптары туралы қысқаша ақпарат берген. Олардың маңызын аша келе «кітаптар орыс тілін үйренеміз деген қазақтар түгел, қазақ тілін үйренеміз деген орыстарға көп пайда келтіреді. Бұл кітаптардың



ең көзге түсетұғыны сол, бұлардың бәрі де орысша әріптермен басылған. Мұның ең пайдасы сол, әрбір оқу оқимыз деген қазақтар оп-оңай, тіпті жылдам орыс әрпімен жазылған қазақ сөздерін оқып жаттығып кетеді» (Әлжанов, 2004: 70), – деп жазған. Бұдан кейін оқулықтардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, мазмұнын сипаттаған. «Бірінші кітаптың аты «Жазуға үйрететұғын кітап». Бұл кітаптың басында орысша әліпби бар. Бұдан соң оңай болып, қиын болып айтылатұғын әріптердің қосылғаны келеді» (Әлжанов, 2004: 71) дегені – осының дәлелі. Отыншы кітаптардың басты құндылығын Ыбырай Алтынсариннің пікіріне сүйеніп былайша айқындаған: «бұл кітаптардың жақсылығы ... қазақ кітаптарын толықтыратұғын араб һәм ноғай сөздерінен қазақ тілін тазалауға үміт етеді» (Әлжанов, 2004: 71).

Отыншы Әлжанов Семейде құрылған білім беру ісін қолдаушылар қоғамының мүшесі болған. Оның төрағасы Ф.Р. Дульскиймен кездесіп, оқыту әдістемесі талқыланған мәжілістерге қатысқан. Қоғамға Отыншыдан өзге Райымжан Мәрсеков, Иманбек Тарабаев, Ахмет Райымбеков, Тәттімбек Шыңғысов мүше болған.

О. Әлжановқа Верный ерлер гимназиясында оқыған Жетісу Алаш қайраткерлері тәрізді аудармашылық қызметін мүлтіксіз атқарғаны үшін алқа тіркеушісі және 1907 жылы 19 шілдесінен бастап губерниялық екінші хатшы шені берілген (ҚР ОМА. 333-қ. 1-т. 566-іс. 80-п). Мұндай шенді Отыншы Алаш қайраткерлерінің арасында бірінші болып иеленген. Отыншыдан басқа губерниялық аға хатшы шенін 1914 жылы 27 сәуірде Қайсерке Тоқсанбаев иеленген (ҚР ОМА. 19-қ. 2-т. 445-іс. 2-п). Осындай шенді кез-келген кеңсе немесе мекеме қызметкері ала бермеген. Ол үлкен жауапкершілік пен тыңғылықты еңбектің арқасында ғана берілген. Мұндай қызметкерлер сіңірген еңбектері үшін алқа тіркеушісі шенінен жоғарылап, губерниялық аға хатшы шеніне тағайындаған. Ал ұлт зиялыларының мұндай шенді иеленуі олардың өз қызметтерін адал атқарғандарын дәлелдейді. Ұзақ уақыт аудармашылық қызмет атқарған Отыншы 1907 жылы ағартушылыққа бет бұрып, А. Алекторовтың шақыруымен Көкпекті қаласындағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесіне меңгеруші болып тағайындалған (Әлжанов, 2004: 13). Архив қорында сақтаулы құжатта Омбы сотының штаттық аудармашысы Отыншы Әлжановтың Халық ағарту министрлігіне қызметке ауысып, Көкпекті мектебіне мұғалім болып тағайындалдығы туралы жазылған (ҚР ОМА. 333-қ. 1-т. 566-іс. 81-п).

О. Әлжановтың қазақ балаларын оқыту жайында жариялаған мақалаларына қанық болған А. Алекторов оған Өскемен, Зайсан уездерінде орыс-қазақ мектептерін ашу міндетін жүктеген. Алайда жаңа мектептер ашу Отыншыға қиынға соқты. Мұның бірқатар себептері бар еді. Біріншіден, осы кезде 1907 жылы 19 маусымда Ресей Ішкі Істер министрінің бұратаналарды шоқындырудағы дін істері бойынша департамент Дала генерал-губернаторына «Халық ағарту министрлігінде қыркүйектің ортасына қарай Ресейдің шығыс және оңтүстік-шығыс аумақтарындағы бұратана халықтардың оқу ісі мен мектептері туралы» 1906 жылғы 31 наурыздағы ережесін қайта қарау турасында комиссия құру қажеттілігі ұсынылды. Бір жағынан патша үкіметі бұратаналарды, соның ішінде қазақ балаларын оқытуға мүдделі болса, екінші жағынан оларды шоқындыру, орыстандыру саясатын мықтап қолға алды. Оны іске асыру барысында миссионерлік стандарт ашылып, шірекулер мен мектептер салынды. Мектептерде орыс тілін, құдай заңдарын және арифметиканы оқытты. Христиан дініне енгендерді казак әлеуметтік тобына қосу, орыстандыру миссионерлік қызметтің бір бағыты болды. Қазақ балалары мен казак балаларын бірге оқытудың астарында осындай құйтырқы пиғыл жатты. Православие дін басылары мен орыс үкіметі өзге халық өкілдеріне түрлі кәсіп үйрету, жер телімдерін, жәрдемақы беру арқылы христиан дініне тартты. Үкімет православие діни қызметкерлерін қолдап, марапаттап отырды. Осы тұрғыдан алғанда орыс-қазақ мектептерін ашуды қолдады. Патшалық билік жергілікті тұрғындарды орыстармен жақындастыруда далаға қара шекпенділерді қоныстандырып, қазақтармен көрші етіп қана қоймай, байырғы халықтың бойында орыс үкіметіне деген құрмет пен сенімді сіңіруді, айтқанға көнетін, айдауға жүретіндерді тәрбиелеуде

ағарту орындарын ашуды көздеді. Екіншіден, Халық ағарту министрлігі мұсылмандарға рұқсатсыз мектеп, медресе ашуға тиым салды. Жоғарғы билік өзі қажет деп тапқан жағдайда прогимназия, гимназия, училище ашты. Оның үстіне барлық жерлерде мектептер ашуға қаржат жетіспеді. Оқу орны ашылған күннің өзінде олардың жұмысын оқурттық инспекторлар мұқият қадағалады. Үшіншіден, қазақ қоғамында ағартушылыққа ұмтылғандардың қатары аз болмады. Ол бір жағынан қазақтардың балаларына білім алуға жағдай жасап қана қоймай, әкелері өздерінің беделін арттыру мақсатында шен алуларын көздеді. Балаларының орыс тілінде сөйлеп, хат танулары білім-ғылымға ұмтылумен қатар әкелерінің дәрежесін көтеру үшін қажет болды. Ұлы Абай тәрізді баласын «оқытуды жек көрмей, медресеге біл деп берген, қызмет қылсын, шен алсын деп бермегендер» некен-саяқ еді. Екінші жағынан бодандықтың қамытын киген байырғы тұрғындарға орыс тілін үйрену ауадай қажет еді. Күнделікті тұрмыстарында, қоғамдық, әлеуметтік, шаруашылық мәселелерін шешуде шағымдану қажет жағдайда отарлаушы мемлекеттің тіліне зәрулік анық байқалды. Сондықтан да орыс-қазақ мектептерін ашу көкейкесті түйткілдердің біріне айналды. Үшінші жағынан ұлт зиялылары мерзімді баспасөз арқылы қазақтарды білім мен ғылымға шақырды. Әлихан Бөкейханов тәуелсіздікке жетудің төте жолы ағарту деп санады. Қазақ жастарының арасында шынайы білімге құштар білімпаздар да кездесті. Қазақ балалары империяның түрлі қалаларындағы институттарда, университеттерде оқыды. Патшалық билік қазақ халқының осындай ұмтылысынан сескенді.

Комиссия жұмысына өкіл ретінде О. Әлжанов ұсынылып, Петерборға іс сапарға жіберу мәселесі қозғалды. Дала генерал-губернаторы Көкпекті орыс-қазақ мектебінің меңгерушісіне Петерборға бұратаналардың бастауыш мектептерінің ережесін қайта қарау туралы комиссияға Далалық өлкенің қазақ тұрғындарының атынан өкіл ретінде іс сапарға шығуға куәлік берген (ҚР ОМА. 25-қ. 1-т. 1558-іс. 9-п). 1907 жылы 25 қыркүйекте Отыншы А. Алекторовпен бірге комиссия жұмысына қатысу үшін жолға шыққан. Комиссия өлкеде ашылған бастауыш мектептердің талаптарға сәйкестігін, ережелермен үндестігін тексерді. Солардың ішінде Торғай облысында Ы. Алтынсариннің басшылығымен ашылған мектептің жұмысын қарады. 1871 жылы Ы. Алтынсарин Халық ағарту министрі граф Д.А. Тостовтың қабылдауында болып, қазақ әліппесі турасында өз пікірін ашық білдірген. Нәтижесінде көп ұзамай қазақ әліппесін басып шығарған. 1879 жылы Ы. Алтынсарин орыс-қазақ училищесінің инспекторы қызметіне тағайындалған. Халық ағарту министрлігі, оның ішінде Орынбор оқу округі қазақтың тұңғыш ағартушысының адамгершілік, кәсіби маман, ұстаздық қасиеттерін жоғары бағалаған.

Отыншы комиссия жұмысына белсене қатысып, қазақтарда бастауыш білім беру жүйесі қалыптасқандығын байқады. Шынында да XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезінде далалық облыстарда бастауыш білім беру орындары кең таралып, бір, екі сыныптық ауылдық, қазақ мұғалімдер мектептері, бастауыш орыс училищелері, жоғары дәрежелі қалалық екісыныптық училищелер және қыздар прогимназиясы жұмыс істеді. Білім беру ісіне қажетті ережелер, нұсқаулықтар, жарғылар, жобалар мерзімді басылымдар, оқу округтерінің басшылары, инспекторлары арқылы таратылып отырылды. Дегенмен Отыншы білім берудегі православ миссионерлерінің әрекетін, ағартуға тигізетін теріс ықпалын көрсетіп берді. Соның салдарынан қазақтардың орыс оқуына сенімсіздікпен қарап, балаларын орыс мектептеріне оқуға беруге құлықсыздық танытып отырғандығын бұлтартпас дәлелдермен баяндап берді. Ол Ресей Халық ағарту министрлігінен қазақ халқының оқу-ағарту ісін ғылыми негізге құрылған оқу жүйесіне түсіруді талап етті (Әлжанов, 2004: 14). Алайда жаңа жүйеде мектептер ашу, білім беру саласының қарсыластары табылды. Олар негізінен қазақ даласында мұғалім болып қызмет ететін татарлар еді. Осыған дейін қазақ-татар тілінде білім берудің тек қазақ тілімен ауыстырылуы татарлар тарапынан сыни пікірлерді тудырды.

Ұлтжанды азамат мұнымен тоқтамады. Ол ауыл мектептерінің жай-күйіне назар аударып, материалдық жағдайын, оқу үдерісін жақсарту мәселелерін көтерді. Архив қорында Батыс-Сібір

оқу оқурғы Көкпекті болыстық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Отыншы Әлжановтың Нарын ауылдық мектебі туралы Семей облысы Зайсан уезі крестьян (шаруалар) бастығына 1908 жылы 16 шілдеде жазған хаты сақталған. Хаттың мазмұнынан жергілікті тұрғындардың Нарын мектебіне көзқарастарының өзгергендігі, сол себепті оны түзету мәселесі анық көрінеді. Отыншы осыдан алты жыл бұрын, яғни 1902 жылы Нарын болысы қазақтары қоғамының қолдауымен Халық ағарту министрлігінің қаржысына мектептің ашылғандығын айтқан. Министрлік жыл сайын 50 рубль қаржы аударып отырған. Бастапқыда қазақтар балаларын мектепке қуана беріп отырған. 1905 жылы мектепті басқаруға Васильев деген тағайындалған. Ол оқушылармен қарым-қатынасын нашарлатып, тұрғындарды өзіне қарсы қойған. Ақыры қызметінен кетіп, оның орнына мұғалім Алексей Оконежников тағайындалған. Қызметіне кіріскен А. Оконежников мектеп үйі жағдайының талапқа сәйкес еместігіне көз жеткізген. Мектептің өз ғимараты болмағандықтан П. Қоймуллин деген қазақтың пәтерін жалдаған. А. Оконежников балаларды мектепке тартуға тырысып, ата-аналарына өтініші жасағанымен онысынан нәтиже шықпады. Қазақтар балаларын оқуға бермес бұрын басқармамен сөйлесетіндерін ашық айтты. Болыс бастығы Қайрановтың келуі мәселені шешудің орнына одан әрі шиеленістіріп жіберді. Орын алған алған жағдайдан хабардар болған Отыншы Нарын болысына келуге мәжбүр болды. Болыс бастығы Отыншының өтінішімен ықпалды, құрметті адамдарды жинап, мектептің жайын талқыға салды. Жиналғандар Отыншының қалыптасқан жағдайдың себебін түсіндіруін қаламай, мектептен бас тартты. Осылайша Нарын мектебі жабылып қалды. Қазақтардың бұл мінез-құлқы сол кезде далада орыс-қазақ мектептеріне қарсы үгіт-насихаттың жүріп жатқандығымен түсіндіріледі (ҚР ОМА. 64-к. 1-т. 5926-іс. 26-28-п). Қазақтарды қанау мақсатымен болыстарды аралап жүрген татар молдалары мен сауда-саттықпен ел аралайтын татарлар орыс оқу-ағарту ісінің бітіспес жаулары ретінде әрекет етті. Олар барлық жерде татар газеттері арқылы мектептерді ұйымдастырып отырған үкіметтің ниеті туралы «қазақ мектептерін ашуда халықты ағартушылыққа емес балаларды христиан дініне тарту үшін ашып отыр» деген жалған хабарларды табанды түрде таратып отырды. Осындай жағдайда мектепті қайта қалпына келтіру мүмкін бе деген сауал қойған Отыншы кері шегініс жасап, оның алдыңғы жылдардағы жағдайына тоқталған. Меңгерушінің баяндауынша «Ауыл мектебі қазақтардың өз бастамасымен ашылған. Алғаш ашылған жылы мектеп оқушыларға толы болған. Бұл – қазақтардың мектептің пайдасын түсінгендіктерінің дәлелі. Тек 1907 жылы үкіметке қарсы татар газеті бұратана мектептер туралы заңды қайта қараудағы комиссия жұмысы туралы жалған мәліметтер таратқанда қазақтар үкіметтің ниетіне күмәндана бастады. Жақында кейбір құрметті және сайланған Нарын болысының қазақтары қыста адасушылыққа тап болғандарын, енді өздерінің және өзгелердің мектеп ашуға келісім беретіндіктерін білдірді. Бұл жағдай біздің тарапымыздан қолдау болса, бұрынғы Нарын мектебін қайта жаңғыртуға болады деп айтуға мүмкіндік береді» (Әлжанов, 2004: 14). Мектеп ашылған жағдайда Халық ағарту министрлігі, үкімет мұғалімге 360, жылу мен жарыққа 120 рубль қаржы бөлінетіндігін жеткізген. Егер молда балаларды дұрыс жолмен, адал оқытатын болса 110 рубль көлемінде сыйақы беретінін хабарлады. Оқу құралдарын сатып алуға 20 рубль бөлу жоспарланған. Пәтерін мектеп үйі ретінде жалға беретіндер үшін 40 рубль ақшаның дайын екендігін ашып жазған (Әлжанов, 2004: 254).

Хатында осылардың бәрін баяндай келе, Отыншы уезд бастығынан болыстың құрметті және сайланған адамдарын жинап, солардың талқысына мектепті жаңғырту мәселесін қоюды өтінген. Сол жиылысқа өзінің қатысуын, ауыл мектептерін ашудың мақсатын түсіндіріп, татарлардың таратып жүрген жалған қауесеттерін теріске шығаруға мүмкіндік беруін сұраған.

Өкінішке орай Отыншының қазақ балаларына білім беру ісін жақсарту турасындағы өтініш-арыздары жергілікті орыс әкімшілігі тарапынан қолдау таппады. Керісінше жалған домалақ арыздардың негізінде оның үстінен іс қозғалды. Семей губернаторының міндетін атқарушы Абаза тез арада О. Әлжановты меңгерушілік қызметінен босатуды немесе басқа



облысқа ауыстыру мәселесін көтерді. Семей губернаторы А. Тройницкий 1909 жылы 2 маусымда Дала генерал губернаторына жазған хатында Абазаның жазғандарын келтіре отырып оны Зайсан уезінде қалдырудың қауіпті екендігін алдыға тартты. Дала Ережесінің № 17 бабы бойынша бес жылға Семей облысынан жер аударуды талап еткен (ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 5926-іс. 1-2-п). Талап орындалып, Отыншыны Жетісу облысының Лепсі уезіне жер аудару туралы үкім шығарылды. Үкімнен кейін ол Семей түрмесіне қамауға алынды.

### Қорытынды

Осылайша Отыншы Әлжанов Жетісуға келіп, «саяси сенімсіздер» қатарына жатқызылып, полиция бақылауына алынды. 1915 жылы жер аударылу мерзімі аяқталып, бұрынғы қызметіне оралуға мүмкіндік туған. Өлкедегі аумалы-төкпелі жағдай, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан революциясы Отыншының саяси күреске араласуына ықпал етті. І Жетісу облыстық қазақ съезінің шешімімен Отыншыға Қытайға ауып кеткен босқындарды қайтару жүктеледі. Ол босқындар шоғырланған жерлерде асхана ашумен, уақытша орналастыру жұмыстарымен айналысты. О. Әлжановтың ұсынысымен Уақытша үкімет комиссары О.А. Шкапский Жетісу облысында милиция құру туралы жарлыққа қол қойған. Осыдан кейін Отыншы Садық Аманжолов, Сатылған Сабатаевпен бірлесе отырып Лепсі уезінде қазақ, орыс, ұйғыр жастарынан және соғыстан қайтқан орыс сарбаздарынан құралған милиция жасақтаған. Ол Лепсі уезд комиссарының орынбасары қызметін атқарған. Алаш арысы Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылған. ІІ жалпы қазақ съезінде Отыншы Алашорда үкіметінің құрамына сайланған. Жетісуда кеңес өкіметі орнатылғаннан кейін О.Әлжанов қамауға алынып, көп ұзамай босатылған. Алайда 1918 жылдың жазында қызыл әскердің Көктұма ауылына жақын жердегі су диірменін өртеу кезінде қаза тапқан.

### Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan  
K. Seitova's personal archive

### Дереккөздер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві  
К.А. Сейітованың жеке архиві.

### References

Alash qozgalysy 2005 — *Alash qozgalysy*. Qyzhattar men materialdar jynagy. Jeltoqsan 1917 – мамыр 1920. [The Alash movement. Collection of documents and materials. December 1917-May 1920.]. Comp. by: Q.S. Aldajymanov, R.Q. Qangojjeva et al. Almaty: Alash, 2005. Vol. 2. 496 p. (In Kaz.).

Alash qozgalysy 2007 — *Alash qozgalysy*. Dvizhenie Alash. Qyzhattar men materialdar jynagy. [The Alash movement. Collection of documents and materials.]. 3-volum edition. Book 2 / Ed.-in-Chief M.Q. Qojgeldiev. Almaty: El-shezhire, 2007. Vol 3. 344 p. (In Kaz./ In Russ.).

Alash qozgalysy 2017 — *Alash qozgalysy* jane onyn jetisulyq qajratkerleri. Qyzhattar men materialdar jynag. [Alash movement and its successful figures. Collection of documents and materials]. Ed.: A.M. Qaipzhanova. Almaty: Almaty regional state archive, 2017. 145 p. (In Kaz.).

Alektorov, 1894 — *Alektorov A.* Ocherki Vnutrennej kirgizskoj ordy. [Sketches of the inner Kirghiz Horde] // Proceedings of Orenburg DEpartment of the Emperor's Russian Geographic Society. Is. 3. 1894. (In Kaz.).

Aljanov, 2004 — *Aljanov O.* Shygarmalar jinagy. [Collection of essays]. Qyrastyryp, omirbayanyn jazushylar: S.M. Aljanova, tarih gylymdarynyn kandidaty S.O. Smagulova. Almaty: Alash, 2004. 296 p. (In Kaz.).

Amanzholova, 2009 — *Amanzholova D.* Na izlome. Alash v etnopoliticheskoy istorii Kazahstana. [Alash in the encyclopedic history of Kazakhstan]. Almaty: Taimas, 2009. 412 p. (In Russ.).

Belavin, 1903 — *Belavin K.* K istorii prosveshcheniya v Orenburgskom krae. Zhenskie gimnazii i progimnazii v 1875–1899 gg. [On the history of Enlightenment in the Orenburg Region. Women's gymnasiums and gymnasiums in 1875–1899]. Orenburg, 1903. 18 p. (250 p.). (In Russ.).

- Blok, 1986 — *Blok M.* Apologiya istorii ili remeslo istorika. [The apology of history or the craft of the historian]. 2nd supplemented edition. Transl. by E.M. Lysenko. Moscow: Nauka, 1986. 255 p. (In Russ.).
- Erickson, 1996 — *Erickson E. G.* Detstvo i obshchestvo. Izd. 2-ye, pererab. i dop. [Childhood and Society. 2nd edition, reprint]. Saint Petersburg: Lenato, ACT, University Book Foundation, 1996. 592 p. (In Eng.).
- Eskendiruly, 2008 — *Eskendiruly (Abdeşev) M.* Ministry Alash Ordy [Ministers of Alashorda]. Almaty: Publ. House, 2008. 114 p. (In Kaz.).
- Fevr, 1991 — *Fevr L.* Boi za istoriyu [Fights for history]. Moscow: Nauka, 1991. 632 p. (In Russ.).
- Fromm, 2008 — *Fromm E.* Chelovek dlya samogo sebya [A man for himself] / Translated from English by E. Spirova. Moscow: AST, 2008. 349 p. (In Russ.).
- Husserl, 2008 — *Husserl E.* Ideya fenomenologii [The idea of phenomenology]. Moscow: IC Humanitarian Academy, 2008. 224 p. (In Russ.).
- Janbosinova 2013 — *Janbosinova A.S.* Kratkaya enciklopediya istorii Alash i Alash orda. [A short encyclopedia of the history of Alash and Alashorda]. Ust'-Kamenogorsk: Berel', 2013. 204 p. (In Russ.).
- Jaqypbekova, 2010 — *Jaqypbekova N.* Adam tarbie arqyly jetiledi. [A person develops through education]. [electronic resource]. URL: <https://bsh.kz/news/661> 8 sayir 2010. (access date 09.08.2023). (In Kaz.).
- Karenov, 2013 — *Karenov R.S.* Jetisudagy Alashorda ykimetinini myshesi, Alash aserinin qolbasshysy – Oтынshy Alzhanov. [Member of the Alash Government in Zhetysu, Commander of the Alash troops – Oтынshy Alzhanov]. Qaragandy universitetinin habarshysy. Tarih, filosofiya seriyasy. 2013. No. 3. Pp. 35–40. (In Kaz.).
- Kirgizskaya gimnaziya, 1913 — *Kirgizskaya gimnaziya.* [Kirghiz Gymnasium]. Vestnik Evropy. 1913. Book. 5. Pp. 336–347. (In Russ.).
- Kul-Muhamed, 2012 — *Kul-Muhamed M.* Deyateli Alash. [Alash figures]. Ajqap, 2012. No. 2. Pp. 48–65. (In Russ.).
- Lovejoy, 2001 — *Lovejoy A. O.* The Great Chain of Being: A Study of The History of An Idea / Translated from the English by V. Sofronova-Anthony. Moscow: House of Intellectual books, 2001. 376 p. (In Russ.).
- Mahaeva, 2007 — *Mahaeva A.Sh.* Qazaq-qyrgyz sayasi bajlanystarynyn tarihy (XVIII gasyrdyn ekinshi zhartyly – XX gasyrdyn basy). [The history of political relations between Kazakhs and Kyrgyzs (2 half of the 18th century – the beginning of the 20th century)]. Almaty: Cennye bumagi baspasy, 2007. 357 p. (In Kaz.).
- Nurpeis, 1995 — *Nurpeis K.* Alash ham Alashorda. [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek, 1995. 256 p. (In Kaz.).
- Orskaya kirgizskaya uchitel'skaya shkola. [Orsk Kyrgyz Teachers' School]. Turgajskaya gazeta, 1896. 384 p. (In Russ.).
- Qazaq sezderi, 2007 — *Qazaq sezderi.* Qujattar men materialdar jinaғы. Saur 1917 j. – jeltosqan 1919 j. [Kazakh congresses. collection of documents and materials. 1917 April – 1919 December] // Qazaq ult-azattyq qozғalysy. 30 tomdyq [Kazakh National Liberation Movement. 30 volumes]. Ed.: K. Iliasova. Almaty: El-zhejire, 2007. Vol. 4.352 p. (In Kaz.).
- Qoigeldiev, 1995 — *Qoigeldiev M.* Alash qozgalysy. [The Alash movement]. Almaty: Mektep baspasy, 1995. 368 p. (In Kaz.).
- Tileshev, Qamzabekuly, 2014 — *Tileshev E, Qamzabekuly D.* Alash qozgalysy. Ensiklopedialyq anyqtamalyq. [The Alash movement. an encyclopedic reference book]. Almaty: Sardar baspasy, 2014. 528 p. (In Kaz.).
- Toqaeв, 2021 — *Toqaeв Q.* Tauelsizdik barinen qymbat. [Independence is the most important thing] // Egemen Qazaqstan. 2021. 5 qantar [Elektronny resurs]. – URL <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (access date: 13.01 2021.) (In Kaz.).
- Vasil'ev, 1900 — *Vasil'ev A.V.* Oчерk narodnogo obrazovaniya v Turgajskoj oblasti. Letopis' 1744–1898. [Essays on public education in the Turgai region. The chronicle of 1744–1898]. Is. 2. Orenburg: Turg. obl. stat. kom., 1900. 8 p. (In Russ.).

### Әдебиеттер

- Алаш қозғалысы, 2005 — *Алаш қозғалысы.* Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917-мамыр 1920. Т. 2. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, Р.Қ. Қанғожиева және т.б. Алматы: Алаш, 2005. 496 б.
- Алаш қозғалысы, 2007 — *Алаш қозғалысы.* Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Үш томдық. 3-т. 2-кітап / Ред. басқарған М.К. Қойгелдиев. Алматы: Ел-шежіре, 2007. 344 б.
- Алаш қозғалысы, 2017 — *Алаш қозғалысы* және оның жетісулық қайраткерлері. Құжаттар мен материалдар жинағы / жауапты құрастырушы А.М. Каипжанова. Алматы: Алматы облыстық мемлекеттік

архиві, 2017. 145 б.

Алекторов, 1894 — *Алекторов А.* Очерки Внутренней киргизской орды. Известия Оренбургского отдела императорского русского географического общества, 1894. Вып. 3.

Аманжолова, 2009 — *Аманжолова Д.* На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. Алматы: Издательский дом Таймас, 2009. 412 с.

Әлжанов, 2004 — *Әлжанов О.* Шығармалар жинағы. Құрастырып, өмірбаянын жазушылар: С.М. Әлжанова, тарих ғылымдарының кандидаты С.О. Смағұлова. Алматы: Алаш, 2004. 296 б.

Белавин, 1903 — *Белавин К.* К истории просвещения в Оренбургском крае. Женские гимназии и прогимназии в 1875–1899 г.г. Оренбург, 1903. 18 б. (250 с.)

Блок, 1986 — *Блок М.* Апология истории или ремесло историка. Изд. 2-е, доп., пер. Е.М. Лысенко. М.: Наука, 1986. 255 с.

Васильев, 1900 — *Васильев А.В.* Очерк народного образования в Тургайской области. Летопись 1744–1898. Вып.2. Оренбург: Тург. обл. стат. ком., 1900. 8 б.

Гуссерль, 2008 — *Гуссерль Э.* Идея феноменологии. М.: ИЦ Гуманитарная академия, 2008. 224 с.

Ескендірұлы, 2008 — *Ескендірұлы (Әбдешев) М.* Алашорда министрлері / Министры Алашорды. Фонд Алтынбека Сарсенбайұлы. Алматы: [б. и.], 2008. 114 б/с.

Жақыпбекова, 2010 — *Жақыпбекова Н.* Адам тәрбие арқылы жетіледі. [Электронды ресурс]. URL: [https://bsh.kz/news/6618\\_sәуір\\_2010](https://bsh.kz/news/6618_sәуір_2010). (Қаралған күні: 9 тамыз 2023.)

Жанбосинова, 2013 — *Жанбосинова А.С.* Краткая энциклопедия истории Алаш и Алаш орда Усть-Каменогорск: Берель, 2013. 204 с.

Каренов, 2013 — *Каренов Р.С.* Жетісудағы Алашорда үкіметінің мүшесі, Алаш әсерінің қолбасшысы – Отыншы Әлжанов // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих, философия сериясы. 2013. № 3. 35–40 б.

Киргизская гимназия // Вестник Европы. 1913. Кн. 5. С. 336–347.

Кул-Мухамед, 2012 — *Кул-Мухамед М.* Деятели Алаш // Айқап. 2012. № 2. С. 48–65.

Қазақ съездері, 2007 — *Қазақ съездері.* Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1917 ж. – желтоқсан 1919 ж. // Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 30 томдық. Т. 4. Құрастырған К. Илиясова. Алматы: Ел-шежіре, 2007. 352 б.

Қойгелдиев, 1995 — *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Алматы: Мектеп баспасы, 1995. 368 б.

Лавджой, 2001 — *Лавджой А.О.* Великая цепь бытия – The Great Chain of Being: A Study of The History of An Idea / Пер. с англ. В. Софронова-Антони. М.: Дом интеллектуальной книги, 2001. 376 с.

Махаева, 2007 — *Махаева А.Ш.* Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). Алматы: Ценные бумаги баспасы, 2007. 357 б.

Нұрпейіс, 1995 — *Нұрпейіс К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.

Орская киргизская учительская школа // Тургайская газета. 1896. 384 с.

Тоқаев, 2021 — *Тоқаев Қ.* Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан. 2021. 5 қаңтар [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>. (Қаралған күні 13.01 2021.)

Тілешев, 2014 — *Тілешев Е., Қамзабекұлы Д.* Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар баспасы, 2014. 528 б.

Февр, 1991 — *Февр Л.* Бой за историю. Москва: Наука, 1991. 632 с.

Фромм, 2008 — *Фромм Э.* Человек для самого себя / Пер. с англ. Э. Спировой. Москва: АСТ, 2008. 349 с.

Эриксон, 1996 — *Эриксон Э.Г.* Детство и общество. Изд. 2-е, перераб. и доп. / Пер. с англ. Санкт-Петербург: Ленато, АСТ, Фонд Университетская книга, 1996. 592 с.

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

<b>Ахметова Ж., Эгамбердиев М., Әбікей А.</b> ТҮРКІСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН МЕЖЕЛЕНУ ТАРИХЫНАН.....	7
<b>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</b> ҚАЗАҚСТАН КИНЕМАТОГРАФИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ (1946–1970).....	24

### ТАРИХ

<b>Әбдікүлова Г., Төлєнова З.</b> КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫНЫҢ КӨЗДЕРІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ.....	37
<b>Бейсембаева А.Р.</b> XVII ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАТЫНАСТАРДЫҢ KEЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ: АРХИВ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	52
<b>Беркінбаев О.У.</b> АБЫЛАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДА МАНЬЧЖУР ӘУЛЕТІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ...67	
<b>Жұматай С.</b> ӘБІЛМӘМБЕТ ПЕН АБЫЛАЙДЫҢ РЕСЕЙ ПРОТЕКТОРАТЫН ҚАБЫЛДАУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН БАРЫСЫ (1740 Ж.) ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ.....	83
<b>Қабылдинов З.Е.</b> СҰЛТАН СҰЛТАНМАМЕТТИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ KEЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 30–50 ЖЫЛДАРЫ).....	94
<b>Қали А.Б.</b> XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ЖЕТІСУ ЖЕРІНЕ ТАТАРЛАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУ ТАРИХЫНАН.....	111
<b>Қуанбай О.</b> АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ ШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ САЯСАТЫ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 30–40 жж.).....	124
<b>Қонырова А.М.</b> РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОРЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ).....	142
<b>Рахимова Қ.Д., Батырхан Б.Ш.</b> МҰХАММЕД ӘЛИ ФОРУГИДІҢ ИРАНДА ЖАҢА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....	154
<b>Рысқұлов Т.А.</b> ОРТА ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫ МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ОРНАУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ РӨЛІ (1730–1750 ЖЖ).....	169
<b>Тоқболат С.Т., Жүрсінбаев Б.А., Жұбанышов Б.Т.</b> ДАЛА ЖОРЫҒЫ: 1839 ЖЫЛҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ХИУА ЖОРЫҒЫНДАҒЫ КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ РӨЛІ.....	184
<b>Торайғыров Е.М.</b> ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ, ӘУЛЕТТІК ЖӘНЕ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ.....	202
<b>Мұхатова О.Х., Досқараева А.А., Сисенбаева А.А.</b> ОТЫНШЫ ӘЛЖАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	218
<b>Ноури М., Жеңіс Ж., Ализәде</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНАН ИРАНҒА РЕЗА ШАХТАН БАСТАП БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ҚОНЫС АУДАРУЫ.....	234

### АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Досымбетов Н.А.</b> ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕГІНШІЛІК МӘДЕНИЕТІ (ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІМЕН).....	247
<b>Сейтхан Ш.</b> МОҢҒОЛДАРДЫҢ ЖЫЛҚЫҒА ҚОЛДАНАТЫН ТАҢБАЛАРЫ ЖӘНЕ ТАҢБАЛАУ ДӘСТҮРЛЕРІ.....	261



## СОДЕРЖАНИЕ

## ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

<b>Ахметова Ж., Эгамбердиев М., Абикей А.</b> ИЗ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО РАЗМЕЖЕВАНИЯ ТУРКЕСТАНА.....	7
<b>Сатбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</b> ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СОЮЗА КИНЕМАТОГРАФИСТОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946–1970).....	24

## ИСТОРИЯ

<b>Абдыкулова Г., Толенова З.</b> МНОГОМЕРНЫЕ ИСТОЧНИКИ ИСТОРИИ ПОВСЕДНЕВНОСТИ: ОПЫТ КАЗАХСТАНСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	37
<b>Бейсембаева А.Р.</b> НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИХ ОТНОШЕНИЙ В КОНЦЕ XVII – СЕРЕДИНЕ XVIII ВЕКОВ: НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ.....	52
<b>Беркинбаев О.У.</b> АБЫЛАЙ И ЕГО ВЗАИМООТНОШЕНИЯ С МАНЬЧЖУРСКОЙ ДИНАСТИЕЙ В СЕРЕДИНЕ XVIII ВЕКА.....	67
<b>Жуматай С.</b> ПРИНЦИПЫ И ХОД ПРИНЯТИЯ РОССИЙСКОГО ПРОТЕКТОРАТА АБУЛМАМБЕТОМ И АБЫЛАЕМ (1740 г.) И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ.....	83
<b>Кабульдинов З.Е.</b> НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУЛТАНА СУЛТАНМАМЕТА (30–50 ГОДЫ XVIII ВЕКА).....	94
<b>Кали А.Б.</b> ИЗ ИСТОРИИ ЗАСЕЛЕНИЯ ТАТАР СЕМИРЕЧЬЯ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА.....	111
<b>Куанбай О.</b> ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СУЛТАНА АБЛАЯ В ПРИГРАНИЧНОЙ ЗОНЕ (30–40-е годы XVIII ВЕКА).....	124
<b>Коньрова А.М.</b> ПОЛИТИКА РУСИФИКАЦИИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ (НАЧАЛО XX ВЕКА)....	142
<b>Рахимова К.Д., Батырхан Б.Ш.</b> РОЛЬ МУХАММЕДА АЛИ ФОРУГИ В ФОРМИРОВАНИИ НОВОЙ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СРЕДЫ В ИРАНЕ.....	154
<b>Токболат С.Т., Джурсунбаев Б.А., Жубанышов Б.Т.</b> РОЛЬ АБЫЛАЯ В УСТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ТОРГОВЫХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХОВ СРЕДНЕГО ЖУЗА С РОССИЕЙ В 1730–1750-Х ГГ.....	169
<b>Токболат С.Т., Джурсунбаев Б.А., Жубанышов Б.Т.</b> ПОХОД ПО СТЕПИ: РОЛЬ КАЗАХОВ МЛАДШЕГО ЖУЗА В ХИВИНСКОМ ПОХОДЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ 1839 ГОДА.....	184
<b>Торайгыров Е.М.</b> КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ, ДИНАСТИЙНЫЕ И ТОРГОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ.....	202
<b>Мухатова О.Х., Доскараева А.А., Сисенбаева А.А.</b> ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ВЗГЛЯДЫ ОТЫНШЫ АЛЖАНОВА.....	218
<b>Ноури М., Жеңіс Ж., Ализиде</b> ИРАНСКИЕ КАЗАХИ-ПЕРЕСЕЛЕНЦЫ 1930-Х ГОДОВ С МАНГЫСТАУ: СО ВРЕМЕН РЕЗА ШАХА ДО НАШИХ ДНЕЙ.....	234

## АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Досымбетов Н.А.</b> КУЛЬТУРА ЗЕМЛЕДЕЛИЯ КАЗАХОВ В ФОЛЬКЛОРНЫХ ИСТОЧНИКАХ (ОПЫТ ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ).....	247
<b>Сейтхан Ш.</b> МОНГОЛЬСКИЕ КЛЕЙМА ДЛЯ ЛОЩАДЕЙ И ТРАДИЦИИ ДЕЛАТЬ КЛЕЙМА.....	261

## CONTENTS

## THEORY OF METHODOLOGY

<b>Akhmetova Zh., Egamberdiyev M., Abikey A.</b> FROM THE HISTORY OF NATIONAL-TERRITORIAL DEMARCATION OF TURKESTAN.....	7
<b>Satbay T., Zholdassuly T.</b> THE ACTIVITIES OF THE UNION OF CINEMATOGRAPHERS OF KAZAKHSTAN IN THE POSTWAR YEARS (1946–1970).....	24

## HISTORY

<b>Abdykulova G., Tolenova Z.</b> MULTIFACETED SOURCES OF EVERYDAY HISTORY: THE EXPERIENCE OF KAZAKHSTANI RESEARCH.....	37
<b>Beisembayeva A.R.</b> CERTAIN ASPECTS OF THE KAZAKH-DZUNGAR RELATIONS IN THE LATE XVII – MIDDLE XVIII CENTURIES: BASED ON ARCHIVAL SOURCES.....	52
<b>Berkinbayev O.U.</b> ABYLAI AND HIS RELATIONSHIP WITH THE MANCHU DYNASTY IN THE MIDDLE OF THE XVIII CENTURY.....	67
<b>Zhumatay S.</b> PRINCIPLES AND COURSE OF THE ADOPTION OF THE RUSSIAN PROTECTORATE BY ABULMAMBET AND ABYLAI (1740) AND ITS CONSEQUENCES.....	83
<b>Kabuldinov Z.E.</b> SOME ASPECTS OF THE LIFE AND WORK OF SULTAN SULTANMAMET (1730s–1750s).....	94
<b>Kali A.B.</b> FROM THE HISTORY OF THE TATAR SETTLEMENT TO ZHETYSU IN THE SECOND HALF OF THE XIX CENTURY.....	111
<b>Kuanbay O.</b> DIPLOMATIC POLICY OF SULTAN ABLAI IN THE BORDER AREA (1730s–1740s).....	124
<b>Konyrova A.</b> RUSSIFICATION POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE FIELD OF EDUCATION (EARLY 20th CENTURY).....	142
<b>Rakhimova K., Batyrkhan B.</b> THE ROLE OF MUHAMMAD ALI FOROUGI IN THE FORMATION OF A NEW INTELLECTUAL ENVIRONMENT IN IRAN.....	154
<b>Ryskulov T.</b> THE ROLE OF ABYLAI IN THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF TRADE RELATIONS BETWEEN THE KAZAKHS OF THE MIDDLE ZHUZ AND RUSSIA IN THE 1730S–1750S.....	169
<b>Tokbolat S., Dzhursunbayev, Zhubanyshov B.</b> CAMPAIGNING ACROSS THE STEPPE: THE VITAL ROLE OF THE JUNIOR ZHUZ KAZAKHS IN IMPERIAL RUSSIA'S 1839 KHIVA CAMPAIGN.....	184
<b>Toraigyrov Y.M.</b> KAZAKH-JUNGAR DIPLOMATIC, DYNASTY AND TRADE RELATIONS.....	202
<b>Mukhatova O. Kh., Doskarayeva A.A., Sisenbayeva A.A.</b> EDUCATIONAL ACTIVITIES AND VIEWS OF OTYNSHY ALZHANOV.....	218
<b>Nouri M., Zhengis Zh., Alizade</b> THE RESETTLEMENT OF KAZAKHS FROM THE MANGISTAU REGION TO IRAN IN THE 1930-s FROM THE TIME OF REZA SHAH TO THE PRESENT DAY.....	234

## ANTHROPOLOGY

<b>Dossymbetov N.A.</b> AGRICULTURAL CULTURE OF KAZAKHS IN FOLKLORE DATA (EXPERIENCE OF ETHNOGRAPHIC RESEARCH).....	247
<b>Syeitkhan Sh.</b> TYPES OF BRANDS (TAMGA) USED BY MONGOLIANS ON HORSES AND THE BRANDING TRADITIONS.....	261

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми

журналы 2024. 11 (1)

*Бас редактор:*  
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.03.2024.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым  
комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМҚ

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ  
РМҚ Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй